

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ҚОСТАНАЙ АУДАНЫ БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ №1 ЗАРЕЧНЫЙ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ" КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ЗАРЕЧНАЯ
ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №1 ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ КОСТАНАЙСКОГО
РАЙОНА" УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

111108, Қостанай облысы,
Қостанай ауданы, Заречный ауылы,
Ипподромная көш 40
тел: 8-714-55-49-800
E-mail: zarech-school1@edu.kz

111108, Костанайская область,
Костанайский район,
село Заречное, ул Ипподромная 40
тел: 8-714-55-49-800
E-mail: zarech-school1@edu.kz

БҰЙРЫҚ № 263

01.09.2026 ж.

Тамақтануды ұйымдастыру туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының 6-бабы 4-тармақшасына сәйкес, өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау, олардың толыққанды дене және ақыл-ой дамуын қамтамасыз ету, тамақтануды ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру, оның сапасын арттыру және тамақтануды ұйымдастыруға бақылауды күшейту үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында, аудандық білім бөлімінің 2026 жылғы 21 тамыздағы №1310 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылғы 2 қыркүйектен бастап тәрбиеленушілер мен білім алушылардың тамақтануы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларына сәйкес ұйымдастырылсын.
2. 2026–2027 оқу жылына білім алушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия, оның ішінде бракераж комиссиясы құрылсын. Комиссия дайын тағамдардың сапасына тұрақты бақылау жүргізіп, тексеру нәтижелерін бракераж журналына уақтылы енгізіп отырсын.
3. Тамақтануды ұйымдастыруға жауапты тұлғаларға төмендегідей міндеттер жүктелсін:
 - 3.1. Асхананың жұмысына және білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға тұрақты бақылау жүргізіп, тексеру нәтижелері бойынша анықтамалар рәсімделсін.
 - 3.2. Тамақтануды ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық стендтердегі, сондай-ақ білім беру ұйымының ресми сайтындағы ақпараттар тұрақты түрде жаңартылып отырсын, оның ішінде:

- екі апталық перспективалық мәзір;
- мектеп басшысы бекіткен күнделікті мәзір;
- бракераж комиссиясының құрамы;
- тамақтану кестесі;
- асханадағы кезекшілік кестесі;
- тамақтану мәдениетіне қатысты ақпараттық материалдар.

3.3. 1–4-сынып білім алушыларын тегін тамақпен қамтамасыз ету бойынша білім алушылардың тізімдерін бекітіп, тамақтану табельдерімен бірге ай сайын есепті айдың 1-күніне дейін ұсынылсын. Жауапты: мектеп басшысының тәрбие (оқу-тәрбие) ісі жөніндегі орынбасары Г.У. Рахимова, бастауыш сыныптар бойынша мектеп басшысының оқу іс-жөніндегі орынбасары А.Р. Кузембаева

3.4. 1–11-сыныптардағы әлеуметтік осал санаттағы отбасылардан шыққан білім алушылардың тізімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес бекітіліп, тамақтану табельдерімен бірге ай сайын есепті айдың 1-күніне дейін ұсынылсын. Жауапты: әлеуметтік педагог С.Ш. Карманова.

3.5. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды тегін тамақтанумен қамту мақсатында демеушілік қаражат тарту бойынша тиісті іс-шаралар жүргізілсін.

3.6. Білім алушыларды сапалы әрі қауіпсіз тамақпен қамтамасыз ету мақсатында мектеп асханасын жалға алушыға қолданыстағы санитариялық талаптар мен «Оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа ала отырып, тамақтандыруды сапалы ұйымдастыру міндеттелсін.

3.7. Тамақ блогының санитариялық жағдайын, тамақ дайындау барысында санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, ауыз су сапасын, азық-түлік өнімдерінің жеткізілуі мен сақталуын тұрақты бақылау мектеп медбикесі М. Нағашыбайқызына жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп басшысының тәрбие оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.У. Рахимоваға жүктелсін.

Мектеп басшысы:



К.Т.Алдамбергенова

Бұйрықпен таныстым:

Г.У. Рахимова

С.Ш. Карманова

М. Нағашыбайқызы

А.Р. Кузембаева